


«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ	
ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ДЕПАРТАМЕНТІ	
"ТҰРАҚТЫ ДАМУ" СТУДЕНТТІК ҰЙЫМЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ	
1 РЕДАКЦИЯСЫ	

«БЕКІТЕМІН»

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық  
 Университеті Стратегиялық даму  
 және әлеуметтік жұмыс жөніндегі

проректор

Ж.К.Рысбекова

2024 жыл



"ТҰРАҚТЫ ДАМУ" СТУДЕНТТІК ҰЙЫМЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Тіркеу №25  
 Жз.: тұнқуыса

Алматы қ., 2024 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. Негізгі ережелер.....	3
2. Ұйымның ережелері.....	3
3. Ұйымның позициясы.....	3
4. Ұйымның мақсаттары.....	3
5. Ұйымның міндеттері.....	4
6. Ұйым қызметінің негізгі бағыттары.....	5
7. Ұйымының негізгі принциптері.....	5
8. Ұйымының инфрақұрылымдық принциптері.....	5
9. Ұйымның әлемдік және экологиялық принциптері.....	6
10. Ұйым логотипі.....	6
Келісу парағы	
Танысу парағы	
Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	



## 1. ҰЙЫМНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

"ТҰРАҚТЫ ДАМУ" - ұйымы бұл Университеттің студенттері мен технологияларын дамытуға, адамның өмір сүру сапасын жақсартуға, экожүйелер мен қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің алдын алуға ықпал ететін ұйым.

Жаһандық білім беру әлемі, инновациялық идеялар, жас мамандар мен білімді және білікті студенттердің қолында.

Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және қолданбалы проблемалар сияқты мәселелер стандартты емес, нақты тәсілдерді қажет етеді.

Біздің Университетте осындай мәселелермен тікелей айналысатын жалғыз ұйым - "ТҰРАҚТЫ ДАМУ" ұйымы.

## 2. ҰЙЫМНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Ұйымға қабылданған Студент еңбекқор, адал және академиялық адалдықты сақтау керек.
2. Ұйымның барлық мүшелері жоспары бойынша өткізілетін іс-шараны ұйымдастыруға бірге қатысуы керек.
3. Қоршаған ортаны қорғау және таза экожүйені құру.
4. Су көздері мен баламалы энергия ресурстарын үнемдеу.
5. Университеттің тұрақты дамуына шын жүректен үлес қосу.
6. Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін!

## 3. ҰЙЫМНЫҢ ПОЗИЦИЯСЫ

1. "Қоршаған әлемді сүйю!"
2. "Қоршаған әлемді түсіну-адамның алдына қоятын маңызды міндеттерінің бірі"

## 4. ҰЙЫМНЫҢ МАҚСАТЫ

1. Студенттердің дамуына, мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру.
2. Дамушы жастардың қатарынан қалыптасуына өз үлесін қосу.
3. Әр түрлі дамып келе жатқан адамдар мен дамып келе жатқан орта арасында қарым-қатынас орнату.
4. 17 тұрақты даму мақсаттары бойынша әр түрлі салаларда көптеген тренингтер мен сұхбаттар, кездесулер мен подкасттар ұйымдастыру.
5. Іс-шараларды іске асыру арқылы энергия тиімділігі, суды, электр энергиясын үнемдеу, қалдықтарды кәдеге жарату және энергияны көп қажет ететін экономика үшін "тұрақты экожүйе" құру жөніндегі өз жоспарларын іске асыру.
6. Табиғи жүйелермен, адамдармен, қажетті табиғи ресурстармен және экожүйелік қызметтермен қамтамасыз ету.
7. Университеттің экожүйесінің дамуына өз үлесін қосу.
8. Университеттің инфрақұрылымымен тікелей жұмыс.



## **5. ҰЙЫМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

1. Тұрақты дамудың 17 мақсаты бойынша жұмыс жасай отырып, Университетіміздің ішкі және сыртқы жүйесінің жан-жақты дамуына өз үлесін қосу
2. Студенттердің жеке ерекшеліктерін дамытуға ықпал ету. (әр студенттің танымдық қызығушылықтары мен қабілеттері, бейімділігі бойынша жұмыс).
3. Әлеуметтік өзін-өзі анықтауды және мәдени әртүрлілікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаның тұтастығын сақтауға үлес қосу.
4. Университетте экожүйе әлемін сақтау және көгалдандыру мақсатын жүзеге асыру.
5. Университетті жасыл кампусқа айналдыру.

## **6. ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ 17 МАҚСАТЫ БОЙЫНША ҰЙЫМНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

- 1-мақсат. Барлық жерде барлық түрлердегі кедейлікті жою.
- 2-мақсат. Ашаршылықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауылшаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу.
- 3-мақсат. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлығына кез келген жаста сау болуына ықпал ету.
- 4-мақсат. Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді және өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз ету.
- 5-мақсат. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту.
- 6-мақсат. Барлығы үшін су ресурстарының болуын және оларды тиімді пайдалану мен санитарияны қамтамасыз ету.
- 7-мақсат. Барлығы үшін қымбат емес, сенімді, берік және заманауи энергия көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету.
- 8-мақсат. Ілгерілемелі, барлығын қамтитын және тұрақты экономикалық өсімге, баршаның толық және өнімді жұмыспен қамтылуына және лайықты жұмысына жәрдемдесу.
- 9-мақсат. Тұрақты инфрақұрылымды жасау, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыруға және инновацияларға жәрдемдесу.
- 10-мақсат. Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті қысқарту.
- 11-мақсат. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету.
- 12-мақсат. Тұтыну мен өндірудің оңтайлы модельдеріне көшуді қамтамасыз ету.
- 13-мақсат. Климаттың өзгеруіне және оның салдарларына қарсы күрес бойынша жедел шараларды қолдану.
- 14-мақсат. Мұхиттарды, теңіздерді және теңіз ресурстарын тұрақты даму мүдделерінде сақтау және ұтымды пайдалану.
- 15-мақсат. Құрлықтың экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды оңтайлы пайдалануға жәрдемдесу, орманды оңтайлы пайдалану,



шөлге айналуға қарсы күрес, жердің тозуы үдерісін тоқтату және кері бұру және биологиялық алуан түрліліктен айырылу үдерісін тоқтату.

16-мақсат. Тұрақты даму мақсатында бейбітшіл және ашық қоғамды құруға жәрдемдесу, барлығына арналған сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және бұқараның қатысуына негізделген мекемелерді құру.

17-мақсат. Тұрақты даму мақсатындағы Жаһандық әріптестік шеңберінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру.



## 7. ҰЙЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

«Тұрақты даму» ұйымының қағидалары Университеттің барлық функцияларының негізі болуы керек:

1. Университет қызметін принциптерге сәйкес құру.
2. Студенттер мен Университет қызметкерлеріне жағдай жасау.
3. Білімді және білікті студенттермен жұмыс. Студенттер арасында сапалы білім беруді қалыптастыру. Қоршаған ортаны қорғау және тұрақтылық жобаларына қатысу, зертханаларда жұмыс істеу бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыру.
4. Серіктестік бағдарламаларын құру және дамыту және басқа Университеттермен ынтымақтастық.

## 8. ҰЙЫМНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

1. Инфрақұрылым мен қоршаған ортаны тұрақты басқару.
2. Энергия үнемдейтін жабдықтар мен технологияларды пайдалануды қамтамасыз ету.
3. Баламалы энергия көздері мен түрлерін пайдалану.
4. Ақпараттандыру деңгейін арттыру, әлеуметтік мәдениетті қалыптастыру және қоғамның тұрақты дамуы саласындағы жауапкершілікті белгілеу.
5. Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін енгізу арқылы кампустың энергия тиімділігін арттыру, жақсарту және одан әрі жасылдандыру.
6. Таза су құрылғыларын кеңінен қолдану, оқу ғимараттарына орналастыру.
7. Қалдықтарды бөлек жинау және кәдеге жарату.





## 9. ҰЙЫМНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

1. СТАРТАП-жобаларды құру шеңберінде жасыл энергия мен ресурстарды үнемдеу.
2. Экологиялық ресурстарды, энергияны, технологияларды тиімді пайдалану.
3. Инновациялық технологияларды дамыту.
4. Қоршаған ортаны қорғау.
5. Экологиялық білім мен білімді, экологиялық және этикалық құндылықтарды, мінез-құлық нормаларын қолдана отырып, тұрақты дамуды қамтамасыз ету.

## 10.ЛОГОТИП




**КЕЛІСУ ПАРАҒЫ**

№	Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
1	Келісілді: Стратегиялық даму Департаментінің Директоры	Сугирбекова К.С		
2	Келісілді: Жастар саясаты орталығының басшысы м.а	Дауленбаева М.Б		



## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
1	Амиркүл Б.С.	Стратегиялық даму жөніндегі студенттік проректор		
2	Әділжан Ж.М.	«Тұрақты даму» ұйымының төрайымы		